

«ТЕКСЕРІЛДІ»

[Signature]

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының
әдіскері:

«31» 08 2023 ж.

«БЕКІТІЛДІ»



2023 ж.

**«Құлыншақ» ересек тобындағы ерекше білімді қажет ететін балалармен
ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінің тақырыптық жоспары
2023 – 2024 оқу жылы**

Айы,апта		Тақырып		Міндеттері
Қыркүйек	I апта	Дене шынықтыру	«Ойна – көңіл көтер»	Ойынның шарттарына қарай шеңберге және сапқа тұруға үйрету.
	II апта	Сөйлеуді дамыту	«Менің балабақшам»	Балабақшаға деген сүйіспеншілігін арттыру.
	III апта	Математика негіздері	«Ойыншықтар сыры»	Ойыншықтардың түрімен,қасиетімен,түсімен оның көлемімен,пішіндерімен таныстыру.
	IV апта	Сурет салу	«Сүйікті ойыншығым»	Шығармашылық қабілетін дамыту, өз таңдауымен сурет салуға тапсырма беру,ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	V апта	Қоршаған ортамен танысу	«Менің сүйікті ойыншығым»	Ойыншықтардың неден жасалатынын ажыратуға үйрету. (резина, пластмасса, жұмсақ, ағаш) Өзінің жақсы көретін ойыншығының атын айтуға үйрету. Ойыншықтарды сындырмай ұстауға тәрбиелеу.
Қазан	I апта	Дене шынықтыру	«Өз орныңды тап»	Саптағы орнын табуды үйрету. Бір орында тұрып жоғары секіруге үйрету.
	II апта	Көркем әдебиет	«Менің сүйікті әжем» (өлең) Қадір Мырза Әли	Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге үйрету, ой-өрісін дамыту.Отбасы мүшелері туралы түсінік қалыптастыру.
	III апта	Қоршаған ортамен танысу	«Менің үйім»	Отбасы туралы, отбасы мүшелерінің атаулары туралы түсініктерін кеңейту. Жанұя мүшелеріне деген сүйіспеншіліген арттырып оларды сыйлауға тәрбиелеу.

	IV апта	Жапсыру	«Доп ойнайық алақай!»	Доп туралы ұғым беріп, допты өзі таңдаған түрлі-түсті қағаздан жапсыруға үйрету.
Қараша	I апта	Дене шынықтыру	«Орнына тұр»	Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету қабілетін дамыту.
	II апта	Сөйлеуді дамыту	«Көжекпен ойналық» (дидактикалық ойын)	Ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізу дағдысын қалыптастыру. Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу.
	III апта	Құрастыру	«Қора»	Үй жануарларына арнап қора құрастыра білуге үйрету және бірізділікпен жұмыс жасай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	IV апта	Мүсіндеу	«Қошақаным»	Қошақанның сұлбасын мүсіндей білуге үйрету. Саусақ қимылын жетілдіру. Қиялын зейінін дамыту.
	V апта	Қоршаған ортамен танысу	«Үй жануарлары»	Мысық пен күшік жөнінде түсінігін кеңейту, олардың тіршілігімен таныстыру. Үй жануарларына деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.
Желтоқсан	I апта	Дене шынықтыру	«Біз азырақ сергідік»	Сапта жүріп бара жатқанда педагогтің белгісі бойынша бағытын өзгертуге үйрету, өз қимылын өзге балалардың қимылымен сәйкестендіру қабілетін дамыту.
	II апта	Көркем әдебиет	«Автобус»	Көлік түрін автобуспен таныстырып, жолда жүретін көлік түрін меңгерту.
	III апта	Математика негіздері	«Аз және көп»	Аз және көп ұғымымен таныстырып, оларды салыстыра білуге үйрету.
	IV апта	Сурет салу	«Ұзын - қысқа жол»	Ұзын - қысқа түзеу сызықты сызуға үйрету. Сурет салу техникасын меңгерту.
Қаңтар	I апта	Дене шынықтыру	«Бір орында қос аяқтап секір»	Бір орында қос аяқтап секіруге жаттықтыру, еденнен бір уақытта екі аяғымен серпіліп секіру қабілетін нығайту.
	II апта	Көркем әдебиет	«Қолғап»	Ертегіні оқып беру, ертегінің мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ой-өрісін кеңейту.

	III апта	Қоршаған ортамен танысу	«Маусымдық киімдер»	Киімдердердің түрлері (бас киім, сырт киім, аяқ киім) туралы түсінігін кеңейту. Ұл бала мен қыз баланың киімдерін ажырата білуге үйрету.
	IV апта	Жапсыру	«Айгерімнің көйлегін әшекейле»	Дайын көйлектің суретін беріп, дөңгелек пішінмен әшекейлеп жапсыруға үйрету. Жапсыру техникасын меңгерту.
Ақпан	I апта	Дене шынықтыру	«Допты домалат»	Допты домалату қабілетін жетілдіру. Қимыл іс – әрекетін дамыту.
	II апта	Сөйлеуді дамыту	«Жабайы аңдар»	Жабайы аңдардың тіршілігін сипаттап айтуға және аттарын ажыратып атауға үйрету арқылы есте сақтау қабілетін, сөздік қорын байыту.
	III апта	Құрастыру	«Көпір»	Көпір құрастыруға үйрету, құрастыру жолдарын меңгерту.
	IV апта	Мүсіндеу	«Менің көжегім»	Үлгі бойынша қоянның дене мүшелерімен таныстырып, мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу әдісін меңгерту.
Наурыз	I апта	Дене шынықтыру	«Түрлі түсті кегілдер»	Залда әртүрлі бағытта жүріп жаттығу, оң және сол жақтағы заттарды айналып өту қабілетін жетілдіру.
	II апта	Көркем әдебиет	«Наурыз тойы»	Ұлттық ойынға деген қызығушылығын дамыту. Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.
	III апта	Математика негіздері	«Биік- аласа»	Дидактикалық ойын ұйымдастыру арқылы биік-аласа ұғымын үйрету.
	IV апта	Сурет салу	«Қуыршақтың қамзолы»	Ұлттық киімдер жайында түсінік беру, нұсқау бойынша қамзолды безендіруді үйрету.
Сәуір	I апта	Дене шынықтыру	«Түзу қойылған жіппен жүру»	Еденге тасталған түзу жіптің бойымен жүру, тепе-теңдікті сақтауға үйрету, дұрыс жүру рефлексін қалыптастыру
	II апта	Көркем әдебиет	«Саусақ театры»	Саусақ театры арқылы баланың тілін дамыту, қызығушылығын арттыру.

	III апта	Қоршаған ортамен танысу	«Үй құстары»	Үй құстары және олардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Құстардың табиғатқа, адамға келтіретін пайдасы туралы түсінігін кеңейту, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.
	IV апта	Жапсыру	«Сары үрпек балапан»	Балапанның бейнесін ұқыпты жапсыруға үйрету.
Мамыр	I апта	Дене шынықтыру	«Сымбатты дене»	Велосипедпен тура бағытта жүруге үйрету.
	II апта	Сөйлеуді дамыту	Серуенде... (Өз тәжірибесінен әңгімелеу)	Еңбек туралы түсінігін кеңейту. Өз тәжірибесін әңгімелей білу қабілетін дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу.
	III апта	Құрастыру	«Біздің балабақшаның ауласы»	Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасай алуға үйрету. Ауладағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Өзі ойнайтын құрал-жабдықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
	IV апта	Мүсіндеу	«Ойыншық арба»	қол арба туралы мағлұмат беру; қол арбаны мүсіндеу техникасын меңгерту; ермексазды алақан арасына салып домалақтау, домалақ ермексаздың ішін шұңқырлау, іші-сыртын саусақпен тегістейтінін естеріне түсіру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру